

Әулікөл орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 16 қазандағы № 451 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 27 қарашада № 4312 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 31 шілдедегі № 318 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 31.07.2015 № 318 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына және "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 104 қаулысына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қосымшаға сәйкес Әулікөл орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы

С. Байменова

"Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары

комитетінің Су ресурстарын пайдалануды
реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай
бассейндік инспекциясы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Г. Оспанбекова

Ә к і м д і к т і ң

2013 жылғы 16 қазандағы

№ 451 қаулысына қосымша

**Әулікөл орталықтандырылған шаруашылық-ауыз
су тартудың санитарлық қорғау аймақтары**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I-белдеу		II-белдеу		III-белдеу	
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы
№ 1 әуңғыма	Радиусі - 0,8 50 метр	гектар	Радиусі - 1,8 240 метр	гектар	Радиусі - 90,5 1698 метр	гектар

Ескерту: "Әулікөл орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймағының санитарлық-гидрогеологиялық негіздемесі" жобасының картографиялық материалында санитарлық қорғау аймақтарының шекаралары көрсетілген (Тапсырыс беруші – Әулікөл ауданы әкімдігінің "Мерей" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны).